

**"Шал ақын ауданы азаматтарының жеке санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" Шал ақын ауданы мәслихатының 2010 жылғы 31 наурыздағы N 24/3 шешіміне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын аудандық мәслихатының 2011 жылғы 21 желтоқсандағы N 44/5 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 18 қаңтарда N 13-14-145 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын аудандық мәслихатының 2014 жылғы 19 наурыздағы N 26/8 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын аудандық мәслихатының 19.03.2014 N 26/8 шешімімен**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 Заңы 21-бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджеттік кодексінің 56-бабы 1-тармағы 4) тармақшасына сәйкес Шал ақын ауданының мәслихаты

**ШЕШТІ:**

1. «Шал ақын ауданы азаматтарының жеке санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы» Шал ақын ауданы мәслихатының 2010 жылғы 31 наурыздағы XXIV сессиясының № 24/3 шешіміне енгізілсін (2010 жылғы 26 сәуірдегі мемлекеттік тіркеу реестрінде № 13-14-100 тіркелген, «Парыз» газетінің 2010 жылғы 30 сәуірдегі № 18, «Новатор» газетінің 2010 жылғы 30 сәуірдегі № 19 санында жарияланған), келесі өзгертулер мен толықтырулар:

1 тармақта

2) тармақша жаңа редакцияда баяндалсын:

«2) Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектерге ай сайын моншаға және шаштаразға баруға 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде»;

7), 8), 9), 10), 11) тармақшаларды келесі мазмұнда толықтырылсын;

«7) Сергеевка қаласына тұрақты жұмыс істеуге келген жоғары медициналық оқу мекемелерінің түлектері мен дәрігерлерге біржолғы төлемдер, дәрігерлерге 200 000 теңге, орта арнаулы білімді медицина қызметкерлеріне 50 000 теңге»;

«8) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыға, жоғары және орта арнаулы оқу мекемелерінде оқитын студенттердің отбасыларына жыл сайын қыркүйек айында 70 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы төлемдер»;

«9) мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру мекемелеріне баратын, атаулы әлеуметтік көмек алатын балалар отбасыларына, 1 балаға арналған айына тамақ құнының ай сайынғы есебінен шығатын тамақ құнының өтемі»;

«10) жыл сайын 1 маусым қарсаңында Халықаралық балаларды қорғау күнінде мүгедек балаларға 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы көмек» ;

«11) жыл сайын 3 желтоқсан қарсаңында Халықаралық мүгедектер күні қарсаңында 1, 2, 3 топтағы мүгедектерге 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы көмек» ;

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін күшіне енеді.

*Аудандық мәслихаттың*

*XLIV сессиясының төрағасы*

*И.Меркер*

*«КЕЛІСІЛДІ»*

*Аудандық мәслихаттың*

*хатшысы*

*Н. Дятлов*

*«Шал ақын ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі»*

*ММ бастығы*

*Т. Оразалин*

*2011 ж 21 желтоқан*